bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718**
2018

**БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП**

# Табиғатқа саяхат. Ә әдыбысы мен әрпі

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 31.01.2018 | https://bilimger.kz/27525/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

| | | |
|---|---|---|
| **Бекітемін:** | | **Мұғалімнің аты-жөні:** Баймбетова Майгүл |
| **Күні :** | 19.01 | **Сауат ашу:** 108 — сабақ |
| **Сабақ тақырыбы:** | **Табиғатқа саяхат. Ә әдыбысы мен әрпі** | |
| **Сынып:** 1 «А» | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Осы мақсат арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 1.2.9.1Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру<br>1.2.1.2Оқудың түрлерін(буындап оқу, жиі кездесетінсөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану<br>1.2.2.1Мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну<br>1.2.1.2Оқудың түрлерін(буындап оқу, жиі кездесетінсөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану<br>1.1.9.2Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну<br>1.3.11.1 Сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою | |
| **Сабақ мақсаттары: күтілетін нәтиже, саралау.** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>**Ә** дыбысымен танысады. Ә дыбысын ажыратады. Ә әрпінің сөздердегі орналасу ретін біледі.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Ә дыбысынан сөздер ойлап табады.Сұрақтарға толық жауап береді.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Ә әрпінен келетін сөздерге сөйлем құрайды. Алған білімді өмірде қолдана алады. | |
| **Тілдік мақсат:** Тірек сөздер: | Әже, әке, дәрі, дән. | |
| **Сыныптағы диалог жазылым үшін сай келетін тіл стилі: «сұрақ-жауап»** | Дыбыстардың неше түрі бар?<br>Қандай дауысты дыбыстармен таныстық?<br>Қандай дауыссыз дыбыстарды білеміз?<br>Сөйлемнің соңына қандай тыныс белгілер қойылады. | |
| **Алдыңғы оқу:** | Дыбыстар мен әріптерді ажыратады. Дыбыстардың түрлерін біледі. Дыбыстық талдау жасай алады.Сөздерді буынға бөле алады. А Н Л Р О Т У Ш С Д Ы дыбыстарын таниды. | |
| **Дағды:** | — білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті.<br>— қарым – қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда) | |
| **Рухани құндылықтар:** | — қарым – қатынас жасау қабілеті.<br>— жауапкершілік<br>— қамқорлық<br>— өмірмен байланыстыру | |
| **Жоспар:** | | |

| **Жоспарланған уақыт есебі** | **Жоспарланған жаттығу түрлері төмендегі жазбаларды сіз жоспарлаған жаттығу түрлерімен ауыстырыңыз** | **Рес-с** |
|---|---|---|
| **Басы:**<br>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру | **Шаттық шеңбері:**<br>Біз балдырған баламыз,<br>Құстай қанат қағамыз.<br>Дүниені аралап,<br>Оқып білім аламыз.<br>Көзді салып қараңыз,<br>Былай қанат қағамыз. | |
| **Білу** | **Өткенге шолу**<br>-Оқушылар қандай дыбыспен таныстық?<br>-Ә дыбысы қандай дыбыс?<br>**«Мен» әдісі**<br>-Ә дыбысы болып бір оқушы сипаттап шығады.<br>**«Сиқырлы асықтар» ойыны**<br>-Оқушыларға сиқирлы қапшық ішінде сиқырлы әріптердің бары айтылады. Оқушылар асықтарды таңдай отырып, асықта жазылған әріпті сипаттайды.<br>Мысалы. «А» дыбысы жуан дауысты дыбыс.<br>**Қызығушылығын ояту.**<br>**Тыңдалым**<br>-Оқушыларға әтештің дыбысы тыңдатылады. Оқушылармен әтеш туралы әңгіме жүргізіледі.<br>**Еске түсіру**<br>Ә дыбысы – жіңішке дауысты дыбыс. Ә дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында келеді. Оны қызыл текшемен белгілейміз.<br>**Диалог әдісі**<br>-Бір оқушы сөз ойлайды, екінші оқушы сөйлем құрастырады.<br>Мысалы:<br>1-ші оқушы: Әке<br>2-ші оқушы: Әкем жұмыстан келді.<br>**1. Оқылым**<br>**Шана**<br>Әкем туған күніме шана сыйлады. Мен қатты қуандым. Әкеме рақмет айттым. Шана әдемі. Қыста шанамен сырғанаймын. | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | |
|---|---|
| **Ортасы:** | **2. Жазылым:** дәптермен жұмыс<br>Ә әрпінің жазылуымен танысады.<br>Ә әрпінің жазылуын бейнежазбадан тамашалайды.<br>Жұмыс дәптерде берлген тапсырмаларды орындайды.<br>**Жұппен жұмыс**<br>Оқушылар жазған дәптерлерін бір-бірімен алматырып, жазуларын тексеріп шығады.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Жаңылтпашты оқы және жаңылмай жатқа айтып көр.**<br>Келген малшы<br>Әрі әнші,<br>Әрі аңшы.<br>**Дыбыстық талдау**<br>Малшы, әнші, аңшы<br>**Дескриптор:** *Білім алушы*<br>— әріп элементтерін дұрыс салады;<br>— әріптерді бір-бірімен байланыстырып жазады;<br>— жазу жолын сақтайды;<br>— сөзді сауатты, көркем жазады. |
| **Кері байланыс:** | -Жарайсыңдар! Тамаша! |
| **Соңы:** | **3. Әріптерден сөз құра. Оларға сәйкес суретті таңда.**<br>**Топпен жұмыс**<br>**1-топ:** «Артығын тап» ойыны<br>**2-топ:** Жұлдызқұрттан сөз құрау.<br>**3-топ:** Суреттегі ә әрпі бар сөздерді табу.<br>**Жетелеу сұрақтары:**<br>-Қандай дыбыспен таныстық?<br>-Ол қандай дыбыс?<br>-Ә дыбысы мен әрпін тануда бізге қиын болды ма?<br>-Қандай сөздерді оқуда қиналдыңдар?<br>-Қандай сөздер бізге бұрын таныс еді?<br>— Қандай сөздерді бірінші рет естідіңдер?<br>-Сабақ ұнады ма?<br>· **Кері байланыс**<br>· -Саусақ бармақтары арқылы бүгінгі сабақты бағалайды.<br>**Сабақты қорытындылау:**<br>***«Егер сабақ ұнаса…» ойыны.***<br>Егер сабақ ұнаса саусағыңды тырсылдат,<br>Егер сабақ ұнаса аяғыңды тарсылдат.<br>Егер сабақ ұнаса шапалақта жараса,<br>Егер сабақ ұнаса айтайықшы **«ТАМАША!»** |
| **Дескриптор:** | Ә әрпін таниды.<br>Ә әрпін салуды үйренеді.<br>Ә жіңішке дауысты дыбыс екенін ажыратады.<br>Ә әрпінен келетін сөздерді айта алады.<br>Ә әрпіне байланысты берілген сөздерді оқи алады. |
| **Кері байланыс:** | -Жарайсыңдар! |
| **Рефлексия.**<br>**Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?**<br>**Бүгін оқушылар не үйренді?**<br>**Сабақ қалай өтті?**<br>**Қандай деңгейде өтті?**<br>**Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма?**<br>**Тапсырмалар сәйкес болды ма?** | |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.